

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 1-сі



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Шокпаров **А. Шокпаров**

09 **2024 ж.**

ААС-01-2024
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ

Түркістан, 2024

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық даму бөлімінің
басшысы

Г. Сыздыкова
«02» 09 2024 ж.

КЕЛІСІДІ:

Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор

Л. Шалабаева
«02» 09 2024 ж.

Әлеуметтік даму және
халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі вице-ректор

Б. Мырзаев
«02» 09 2024 г.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет басшысы

Д. Бейсембаева
«02» 09 2024 г.

Әкімшілік бөлімінің
басшысы

Қ. Тубеков
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы
(заңгер)

Е. Тасов
«02» 09 2024 г.

Сапаны қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы м.а.

Ж. Сейткулова
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	4
2. Қолданылған қысқартулар тізімі	4
3. Қолданылған терминдер мен анықтамалар тізімі	4
4. Нормативті құжаттар	5
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
6. Жалпы ережелер	5
7. Академиялық адалдық принциптері	6
8. Академиялық адалдықты бұзудың түрлері	7
9. Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері	8
10. Жауапкершілік және алдын алу шаралары	9
11. Академиялық адалдық саясаты бұзылған жағдайда шараларды қолдану тәртібі	10
12. Өзгерістер енгізу тәртібі	11
13. Келісу, сақтау және тарату	11
14. Өзгерістерді тіркеу парағы	12
15. Танысу парағы	13

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Академиялық адалдық саясаты» (бұдан әрі – Саясат) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінің» КЕАҚ (бұдан әрі-Университет) білім беру процесінде академиялық адалдық қағидаттарын, университет қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және олар орындалған жағдайда шараларды қабылдау тәртібін айқындайды.

2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Саясатта келесі қысқартулар қолданылады:

БББ – Білім беру бағдарламасы;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;

ТО – Тіркеуші офис;

Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ.

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ТІЗІМІ

Академиялық адалдық – бұл университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын анықтайтын, алдау мен плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарға шынайы болу, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардағы адалдық пен қағидаттылық сияқты принциптерді қамтитын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы.

Академиялық адалдықтың бұзылуы – оқу немесе зерттеу қызметіндегі этикалық нормалар мен принциптерді бұзу, оған плагиат, емтиханда алдау, деректерді бұрмалау, басқалардың жұмыстарын өз атына шығару, заңсыз ынтымақтастық немесе рұқсат етілмеген материалдарды пайдалану сияқты әрекеттер жатады.

Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Апелляция – бұл білім алушылардың білімдерін объективті бағалау жөнінде күмән туындаған жағдайда өткізілетін процедура.

Бұрмалау – академиялық жазбаларды немесе басқа құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасау); академиялық жұмыстағы қолтаңбаларды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру.

Диверсия – белгілі бір міндеттерді қасақана орындамау немесе абайсызда орындау, бір нәрсені жүзеге асыруға жасырын қарсы тұру.

Дисциплинарлық кеңес – еңбек тәртібін нығайту, ұжымдағы моральдық-этикалық нормаларды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау және білім беру саласындағы құқық бұзушылықтар мен ҚР Еңбек кодексінің талаптарын орындау мәселелерін қарастыратын консультативті-кеңесші орган.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 5-сі

Жасыру – академиялық өнімде жалған мәліметтерді жосықсыз ұсыну туралы ақпаратты жасыру және айтпау; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты ұсыну.

Көшіру – оқушының немесе қызметкердің басқа біреудің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін жосықсыз әрекеті.

Қайталау – әр түрлі бағалау мен талаптар шеңберіндегі бір жұмысты, оның ішінде ПОҚ-ның алдын-ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты, тіпті егер білім алушы оның авторы болып табылса да ұсыну.

Пара беру – тесттің дұрыс жауаптарын алу қолма-қол ақша, материалды құндылықтар және басқа да қызмет түрлері арқылы алу.

Плагиат – басқаның еңбегінің қорғалатын нәтижелерін, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдамалық қызметтің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену және тарату, ол басқа адамдарға өзі туралы нақты автор ретінде жалған ақпарат берумен қатар жүреді.

Сөз байласу – басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау туралы білім беру процесі субъектілері арасындағы өзара уағдаластық.

4. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ), «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі әдістемелік басшылықтың» (ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №587 Бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ҒЖБМ 20 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Академиялық саясат, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Қызметкерлердің ар-намыс, этика және мінез-құлық кодексі, басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде қазіргі өзгерістері мен редакцияларына сәйкес жасалған.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

- 5.1 Осы Саясат Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланады және қаралады.
- 5.2 Осы Саясат Университеттің Басқарма төрағасы – Ректормен бекітіледі.
- 5.3 Осы Саясаттың қағидаттарын бұзу Тәртіптік кеңесте қаралады.

6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Академиялық адалдық саясатының мақсаты – білім алушылардың, ПОҚ және Университет қызметкерлерінің адалдық туралы түсінігін қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді қатынастарды орнату, сондай-ақ адалдықты дамыту мәселелерінде жауапкершілікті арттыру.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 6-сі

6.2 Академиялық адалдық Университеттің білім беру үдерісіндегі басты құндылықтардың бірі болып табылады.

6.3 Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлерін және ПОҚ мен қызметкерлердің оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерін тексеру тәртібі мен рәсімдерін қамтамасыз ету бағдарламалық қамтамасыз етуді және бейнебақылауды пайдалана отырып, Жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру ережесімен реттеледі.

6.4 Бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде жасанды интеллектті және (немесе) машиналық оқытуды пайдалануға пән силлабусына қатаң сәйкестікте және оған сілтемені міндетті түрде көрсетуде ғана құрал ретінде жол беріледі.

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

7.1 Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

– адалдық – білім алушылардың оқу жұмыстарының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, лайықты орындауы;

– автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойын дұрыс беру және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығын және қорғалуын тану;

– ашықтық – өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат және идеялармен ашық алмасу;

– білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу – өз пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы;

– теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларының сақталуын және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

– заңнаманы сақтау – заңнаманың нормаларын ескере отырып әзірленген қолданыстағы заңнаманың және Университеттің ішкі құжаттарының талаптарын орындау;

– әділеттілік – қызметкерлерге, студенттерге және мүдделі тұлғаларға этикалық көзқарас;

– ашықтық – Университет және оның жетістіктері мен қызметінің нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығына және сенімділігіне ұмтылу;

– жауапкершілік – алынған міндеттемелерге, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен белгіленген шарттық қатынастарға, іскерлік айналым дәстүрлеріне және моральдық-адамгершілік қағидаттарына жауапкершілікпен қарау;

– құзыреттілік және кәсібилік – Университет қызметкерлерінің тиісті білімі, жұмыс тәжірибесі, салмақты және жауапты шешім қабылдай білуі.

– коррупцияға қарсы іс-қимыл – коррупцияға қарсы субъектілердің өз өкілеттіктері шеңберінде коррупцияны алдын алу, оның ішінде қоғамда антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру, коррупциялық құқық бұзушылықтарға себепші болатын жағдайлар мен факторларды анықтап, жою, сондай-ақ коррупциялық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, сонымен қатар олардың салдарларын жою бойынша әрекеттері.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 7-сі

8. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Осы Саясатта білім алушылар, ПОҚ және Университет қызметкерлерінің академиялық адалдықты бұзудың мынадай түрлері қарастырылған:

1) *Плагиат* – авторлығын растаусыз немесе дереккөзді көрсетпей, басқа көздерден алынған материалдарды ішінара немесе толық иемдену.

Плагиат әр түрлі формада көрініс табуы мүмкін:

– тиісті тыныс белгілерін (тырнақшаларды) қолданбай және/немесе дереккөзді көрсетпей оны дәйексөз ету;

- дереккөзді көрсетпей оны қайталау;
- басқалардың идеяларын немесе аргументтерін авторға сілтеме жасамай пайдалану;
- басқа білім алушының толық немесе ішінара жазылған жазба жұмысын тапсыруы;
- интернеттен алынған дипломдық жұмысты ұсыну;
- басқа курсқа тапсырма ретінде орындалған бақылау жұмысын ұсыну.

2) *Сөз байласу* – басқа білім алушы үшін бағаланатын кез келген жұмысты орындау.

3) *Алдау*:

- басқа білім алушыларда бағаланатын жұмыстарды көшіру;
- бағаланған жұмысты қайта тапсыру;
- бағаланатын жұмыстарды уақтылы орындамаған жағдайда жалған сылтаулар ұсыну;
- екі немесе одан да көп білім алушылардың, топтық жұмыс көзделмеген, бағаланатын жұмысты орындауы;

– саналы түрде басқа білім алушыларға көмек көрсету: бағаланатын жұмысын көшіріп алуға рұқсат беру, кеңестер беру, шпаргалкаларды, оқу кітаптарын пайдалану және т.б.

– басқа біреудің бағаланған жұмысын өз туындысы ретінде ұсыну.

4) *Бағаланатын жұмыстың бағаларын бұрмалау*:

- тапсырмаларды бағалау нәтижелерін, бағаларын бұрмалау;
- деректерді бұрмалау (қосымша жазу, түзету), яғни зерттеу жүргізу кезінде өлшеулер мен сауалнама және басқа әдістердің нәтижелерін өзгерту;

– жазбаша бақылау жұмыстардың бағаларын асыра көрсету;

– басқа білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі бұрмалау немесе бүлдіру.

5) *Бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен алу*:

- бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарды беру;
- басқа білім алушының, оқытушының немесе қызметкердің көмегімен бағаланатын жұмысты өткізгенге дейін ішінара немесе толық материал алу (жауаптары бар тест тапсырмалары, емтихан билеттері мен тапсырмалары, жазбаша емтиханға арналған тапсырмалар);

– бағаланатын жұмыстарды сатып алу немесе басқа жолдар арқылы алу (курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және т. б.);

– дайын бағаланатын жұмыстарды (курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және т. б.) сатып алуға және/немесе сатуға көмектесу жолдары;

– пара беру.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 8-сі

б) Ақпаратты немесе құрылғыларды теріс пайдалану:

- бағаланатын бақылау жұмыстарды орындау, тестілеу кезінде электрондық, цифрлық, қағаз жеткізгіштерде, техникалық құрылғыларда ақпаратты пайдалану;
- кез келген жолмен бағаланатын жұмыстың кез келген жауаптарын алу, электрондық пошта, компьютер және т. б. арқылы жүктеу;
- бағаланатын жұмыстарға қатысты қызметкердің материалдарын қағаз және электрондық жеткізгіштерде кабинеттен шығару және/немесе компьютерден көшіру.

7) Академиялық тәртіпсіздіктің басқа формалары – адалдық, шыншылдық, жауапкершілік, ашықтық және құрмет принциптеріне қайшы келетін кез келген әрекет, ол алдау, бұрмалау және басқа тұлғалардың құқықтарын бұзу ретінде қарастырылады.

9. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1 Білім алушылардың құқығы:

- осы Саясаттың мәтінімен танысу;
- оқу үдерісінде жеке пікірін еркін білдіру;
- осы Саясатты бұзғаны үшін негізсіз айыптаудан қорғануға және дәлелдемелер ұсыну.

9.2 Білім алушылар міндеттері:

- осы Саясаттың мәтінімен танысу және оны бұзудың салдарын білу;
- бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықты қатаң сақтау;
- басқа адамның сөзі мен ойын авторды, шығарманың атауын және бетін көрсете отырып қолдану;
- бағалау жұмыстарының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсету;
- нақты және сенімді ақпарат көздерін пайдалану;
- басқа білім алушыларға өзінің орындалған бағаланатын жұмысын ұсынбау;
- тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындау;
- тесттерге, жаттығулар мен тапсырмаларға дайын жауаптарды, дайын жазбаша жұмыстарды (эссе, дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік диссертация (жоба)) пайдаланбау;
- емтихандарда шпаргалкаларды, электронды ақпарат құралдарын және байланыс құралдарын пайдаланбау;
- емтихан тапсыру кезінде білім алушы: сәйкестендіруден өту үшін өзімен бірге жеке куәлігін алып жүруге; мобильді құрылғылар болған кезде оларды жауапты кезекшіге тапсыруға; жеке заттарын (сөмкелер, әмияндар, кітаптар, қарындаштар, электрондық құрылғылар және т. б.) емтихан аудиториясынан тыс немесе кезекші көрсеткен жерде қалдыруға; жазбаша емтиханда отырғызу тәртібі бойынша кезекшілердің талаптарын орындау; бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен, соның ішінде аудиториядан шыққан кезде алу; емтихан басталғаннан кейін емтихан алушының рұқсатынсыз аудиторияға кірмеу;
- емтиханның алғашқы 30 минутында аудиториядан шығуға тыйым салынады;
- ұзақтығы 60 минуттан асатын емтихандарда аудиториядан жеке мақсатта бір рет шығуға рұқсат етіледі;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 9-сі

– емтихан аяқталғаннан кейін кезекшіге (оқытушыға) жауап парақтарын тапсыру қажет;
– өзінің дайын жауаптары мен жұмыстарын басқа білім алушыларға бермеуге және оқытудың адалдығы мен шынайылығына күмән келтіретін, басқа білім алушылардың нәтижелеріне нұқсан келтіретін мінез-құлыққа жол бермеуге тиіс.

9.3 ПОҚ, Университет қызметкерлерінің құқығы:

- білім алушылардан академиялық адалдық негізгі қағидаттарын сақтауды талап ету;
- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіру;
- осы Саясатты бұзғаны үшін негізсіз айыптаудан қорғануға және дәлелдемелер ұсыну.

9.4 ПОҚ, Университет қызметкерлерінің міндеттері:

- білім алушылар арасында ақпараттық жұмыс жүргізу;
- білім алушыларға сенімді және дұрыс ақпарат көздерін таңдауды үйрету және көмек көрсету;
- сілтемелерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу тәсілдерін үйрету;
- білім алушыларға орындалатын жұмыстың барлық қатысушыларының авторлығын көрсете отырып, қағаз, электрондық, цифрлық жеткізгіштерде жобалық қызмет түрлерін ресімдеу тәсілдерін үйрету;
- оқу үдерісінде өз пікірін білдіруге үйрету;
- бағаланатын жұмысты орындамас бұрын білім алушылармен академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- осы Саясатта белгіленген талаптарды бұзу мүмкіндіктерінің кез келгеніне тосқауыл қою;

– осы Саясатты бұзудың әрбір жағдайын қатаң есепке алып отыру;

– Саясатты бұзудың әрбір жағдайы туралы мектептерді жазбаша түрде хабардар ету.

9.5. Университет әкімшілігінің міндеттері:

- білім алушыларға осы Саясатты түсіндіру бойынша ПОҚ мен ЖОО қызметкерлерінің жұмысын үйлестіру;
- білім алушылар Саясатты бұзған кезде осы Саясатта көзделген шараларды қабылдау жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- білім алушылардың академиялық адалдықты сақтауын қадағалау және мониторинг жүргізу.


10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

10.1 Оқу үдерісіне қатысушылар академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікке ие екенін есте ұстауы керек.

10.2 Плагиат, бақылау жұмыстары, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертацияларды (жобаларды) сатып алу және сату қарапайым ережелерді бұзу ретінде қарастырылып, олар Университет үшін адалдықты бұзушылық болып табылады және басқалардың материалдарын пайдаланғаны үшін жазаға тартылады.

10.3 Оқытушылар бұзушылықтың әрбір жағдайын тіркейді және білім алушының ағымдағы немесе қорытынды жұмысына бағалау рәсіміне жол берілмейді. Білім алушыға сөгіс жарияланады, одан әрі оқудан шығарылғанға дейін шаралар қолданылуы мүмкін.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 10-сі

10.4 Оқытушылар білім алушыларды жұмыстардың веб-жүйенің көмегімен плагиаттың бар-жоғына тексерілетіндігі туралы хабардар етуге кепілдік береді.

10.5 Академиялық адалдықты бұзудың осы тізімі қажеттілік туындаған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

10.6 Алдын алу шаралары:

- білім беру үдерісінің қатысушылары арасында академиялық мәдениетті және адалдықты дамыту бойынша тұрақты мақсатты жұмыстар жүргізу;
- барлық оқу үдерісінің қатысушылары тарапынан академиялық адалдықты насихаттау;
- білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстарын (ағымдағы, аралық бақылау), дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын (жобаларын) Университет талаптарына сәйкес плагиатқа тексеру;
- оқытушылар мен қызметкерлердің ғылыми-зерттеу, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын плагиатқа тексеру;
- Университеттің оқу үдерісінің қатысушылары арасында академиялық адалдықтың бұзылуына барлық түріне төзімсіздік мәдениетін қалыптастыру.

10.7 Бос білім беру гранттарын бөлу кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында:

- Университет сайтында және білім алушылармен байланыстың өзге де арналарында бос білім беру гранттарының бар екендігі туралы уақтылы хабарлау;
- құжаттардың толық пакетін жинау үшін жеткілікті болатын, ақылға қонымды мерзімді белгілеу;
- ЖЖОКБҰ алқалы органдары шешімдерінің хаттамаларын және өтініш білдірген кандидаттардың құжаттарын әзірлеу.

10.8 Жатақханадағы орындарды бөлу кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында:

- Университет сайтында және білім алушылармен байланыстың өзге де арналарында жатақханада орын бар екендігі туралы хабарландыруды уақтылы орналастыру;
- нақты білім алушыға жатақханада орын беру туралы шешімді шығару;
- жатақханадан орын беру туралы бұйрықтар мен хаттамаларға сәйкес жатақханада тұратын білім алушылардың деректерін талдау.

11. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

11.1 Академиялық адалдықты бұзу жағдайлары анықталуы мүмкін:

- ағымдағы бағалау процесі кезінде;
- қорытынды бағалау процесі кезінде.

11.2 Білім алушылардың оқу жетістіктеріне ағымдағы бағалау жүргізу кезінде плагиат, сөз байласу, алдау анықталған жағдайда:

- оқытушы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық және аралық бақылаулар, аралық және қорытынды аттестаттаулар өткізу және жазғы семестрді ұйымдастыру ережесінің» 3-қосымшасына сәйкес ережені бұзу туралы акт жасайды және білім алушыны онымен

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Академиялық адалдық саясаты		ААС-01-2024
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	13 беттің 11-сі

таныстырады. Тиісті заттай дәлелдемелері бар саясатты бұзу туралы акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері Тіркеу кеңсесіне беріледі;

– егер бұзушылық жүйелі түрде (үш және одан да көп рет) орын алса, оқытушы белгіленген форма бойынша Саясатты бұзу туралы акт жасайды. Акт, тиісті заттай дәлелдеме және білім алушының жұмысының көшірмесі мектеп директорының қарауына беріледі, ал директор барлық құжаттарды Дисциплинарлық кеңестің қарауына жібереді.

11.3 Бағалаудың бұрмалануы, бағаланатын жұмыстың деректері анықталған, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен алған, білім алушылардың оқу жетістіктерін ағымдағы бағалауды жүргізу кезінде ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдаланған жағдайда оқытушы Академиялық адалдық қағидаларын бұзу туралы акт жасайды, эдвайзердің қатысуымен білім алушымен әңгіме жүргізеді.

11.4 Бұзушылықтар жасаған білім алушыларға тәртіптік жаза (жұмыс үшін бағаны төмендету), жазбаша жұмысты қайта орындау, сөгіс, жазғы семестрге ақылы негізде қалдыру, ата-аналарды хабардар ету, Университет сайтында ақпарат орналастыру, ЖОО-дан шығару шаралары қолданылады.

11.5 Білім алушылар бағалайтын жұмыстарды орындау кезінде парақорлық, алдау, деректерді бұрмалау, дипломдық жұмыстарды/жобаларды, магистрлік диссертацияларды сату анықталған жағдайда, университет оқытушысы/қызметкері жұмыстан шығарылғанға дейін тәртіптік жазаға тартылады.

11.6 Тәртіптік кеңестің жұмысын ұйымдастыру Университеттің ішкі тәртіп қағидалары мен ережелерімен реттеледі.

11.7 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін Университеттен шығарылған білім алушылар Университет білім алушылар контингентіне қайта қабылданбайды.

11.8 Академиялық тәртіптің дұрыс сақталмауына байланысты еңбек шартын тоқтатқан оқытушылар мен қызметкерлер Университетте қайта жұмысқа алынбайды.

12. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1 Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес отырысының шешімімен енгізіледі.

12.2 Осы Саясатқа енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

13. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1 Осы Саясат Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

13.2 Осы Саясаттың жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға тарату жауапкершілігі Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

13.3 Осы бекітілген Саясаттың жұмыс данасы Академиялық даму бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

